

Жыл қорытындысы

Оқу жылы бойы кітапхана оқушылардың өздігінен білім алуға деген қажеттілігін қалыптастыруға, жауапкершілікке тәрбиелеуге және мектеп бағдарламаларын меңгеруге көмектесетін әдебиеттерді насихаттауға ерекше көңіл бөлді.

Сонымен қатар кітапхана оқушылардың кітап оқуға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыруға, білім алуға деген ынтасын арттыруға және оқу кезеңі бойы кітапхананы тиімді пайдалануға бағытталған жұмыстар жүргізді.

Мектеп кітапханасы оқушылар үшін алғашқы ақпараттық орталық болып табылады. Мұнда оқушылар ақпаратты өздігінен іздеу және пайдалану дағдыларын меңгереді.

Ақпарат көздері ретінде:

- кітаптар;
- журналдар;
- газеттер;
- басқа да дәстүрлі және заманауи ақпараттық ресурстар пайдаланылды.

2026 жылы кітапхана кітап оқуды және мәдени құндылықтарды дәріптеуге арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырды.

Кітапхананың басты мақсаты – әрбір оқушының қызығушылығына сай әдебиеттер ұсыну және оларды кітап оқуға ынталандыру болды.

Кітапханалық кездесулер барысында оқушылар әртүрлі жазушылардың шығармаларымен танысты. Откізілген барлық іс-шаралар оқушылардың білім көкжиегін кеңейтуге, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыруға және мәдени құндылықтарды насихаттауға бағытталды.

Басқа кітапханалармен ынтымақтастық

Кітапхана мектеп және қалалық кітапханалармен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді.

Атап айтқанда, Орал қаласындағы жастар сарайы жанындағы А.С. Пушкин атындағы қалалық кітапханамен бірлесіп көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Оқуға құштар мектеп» және «Бір ел – бір кітап» жобалары аясында келесі жұмыстар жүзеге асырылды:

- қалақ халық ертегілерін дауыстап оқу;
- әлем халықтарының ертегілерін оқу;
- кітап оқу мәдениетін насихаттау іс-шаралары;
- әдеби кездесулер мен танымдық сағаттар.

Сонымен қатар мектеп кітапханасына Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының жылжымалы кітап көрмесі келіп, оқушыларға қызықты әрі танымдық әдебиеттер ұсынылды.

Бұл шаралар оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, олардың көркем әдебиетпен жақынырақ танысуына мүмкіндік берді.

Жылны қорытындылар мен ұсыныстар

2025–2026 оқу жылында оқырмандық белсенділік көрсеткіштері айтарлықтай өсті.

Әсіресе 2–3 сынып оқушылары кітапханаға жиі келіп, кітап оқуға белсенді қатысты.

Откізілген іс-шаралардың басым бөлігі оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға оң әсерін тигізді.

Педагогикалық ұжыммен, әсіресе бастауыш сынып мұғалімдерімен бірлесіп, кітап оқуды насихаттаудың әртүрлі түрлері қолданылды.